



**БҰЙРЫҚ**

**ПРИКАЗ**

«31» 01 2022 жылғы N 10  
Нұр-Сұлтан қаласы

**«Заманауи сабақ - мұғалімнің кәсіби өсуінің көрсеткіші» қалалық байқауын ұйымдастыру және өткізу туралы**

Нұр-Сұлтан қаласы әкімдігінің «Білім беруді жаңғырту орталығы» МКҚК (бұдан әрі - Орталық) жоспарына сәйкес және білім үдерісінде жаңартылған білім беру жүйесінің мазмұнын жүзеге асыру жағдайында тиімді сабақ, белсенді әдіс, табысты сабақ беретін педагогтердің іс-тәжірибесін айқындау мақсатында **БҰЙЫРАМЫН:**

1. «Заманауи сабақ - мұғалімнің кәсіби өсуінің көрсеткіші» қалалық байқауы 2022 жылғы 31 қаңтар-28 ақпан аралығында химия және биология пәндері педагогтерінің арасында өткізілсін.

2. «Заманауи сабақ - мұғалімнің кәсіби өсуінің көрсеткіші» қалалық байқауының (бұдан әрі –Байқау) ережесі 1-қосымшаға сәйкес бекітілсін;

3. Байқаудың ұйымдастырушылар алқасы 2-қосымшаға сәйкес бекітілсін.

4. Байқаудың қазылар алқасы құрамы 3-қосымшаға сәйкес бекітілсін;

5. Байқауды ұйымдастыру және өткізуді қаржыландыру шығыстарын сметаға сәйкес қамтамасыз етілсін (Есхожина Ж.Д.).

6. Осы бұйрықтың орындалуын бақылау Орталық басшысының орынбасары Г. Абишеваға жүктелсін.

Басшы

С. Мадеев